

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты құрылымын ішінара өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 5 мамыр 1995 ж. N 623

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Аппаратының құрылымын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты құрылымында таратылатын Мәдениет және қоғамдық бірлестіктермен байланыс бөлімі мен Әлеуметтік сала бөлімінің негізінде Ішкі саясат бөлімі құрылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Аппараты туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 13 наурыздағы N 247 қаулысының қосымшасына мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

- Қосымша "Ішкі саясат бөлімі" сөзімен толықтырылсын, "Мәдениет

және қоғамдық бірлестіктермен байланыс бөлімі" және "Әлеуметтік сала бөлімі" сөздері алынып тасталсын;

- "Бұдан басқа" бөліміне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Дін істері жөніндегі кеңес қосылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Басшысы штат кестесіне тиісті өзгертулер енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі